

Ж.У.Дағарова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: janka_04@mail.ru)*

Діни антропологиядағы адамның мәнділігі мәселесі

Мақалада адамды тануда діни антропологияның ерекшелігіне назар аударылып, ол басқа да ілімдермен салыстырылды. Автор адамға деген діни көзқарастардың алуан түрлілігі мен оның өмір сүруінің өзінің көп қырлы екендігін көрсетті. Теологтардың антропологияға деген қызығушылықтары мен діни және философиялық антропологияның ара қатынасы туралы пікірталастар келтірілді. Адам туғанда мәнімен бірге тумайды. Ол кейінгі қалыптасуында ғана мәнділікке ие болуы мүмкін деген ойшылдардың ойларымен автор келісетіндігін білдіреді. Адам үшін дүниеде тек тірі ағза болып тіршілік ету, организмдік мұқтаждықтардың шеңберімен шектелу жеткіліксіз екендігі туралы айтқан дана Абайдың адам туралы айтқан ойларын автор ортаға салады.

Кілт сөздер: неомизм, тейардизм, протестантық антропология, персонализм, христиандық антропология, католиктік антропология.

Діни философиядағы адам мәселесін қарастыру үшін, ең алдымен, діни антропологияның қандай ғылым екендігіне назар аударсақ. Бұл ілім адамның құдайға, тәңірге, этникалық және әлемдік діндердегі қасиеттілікке қатынасы туралы түсініктерге назар аударады. Бұл сонымен бірге діндерді танитын дәстүрлер мен қасиетті мәтіндерге негізделген адамның бағыт-бағдары мен оның мәні туралы ілім. Мұнда адамның шығу тегі мен мәні туралы әр түрлі діни түсініктерге салыстырулар жасалады, адамның жердегі және көктегі болмысына, оның ішкі және сыртқы мүмкіндіктеріне, оның бостандығы мен парызына деген алуан түрлі көзқарастар сараланады. Өйткені әрбір дін алғашқы қауымдық қоғамнан бастап осы уақытқа дейін адам, оның табиғаты, оның ғарыш пен адамзат қоғамындағы алатын орны, өмірдің мәні мен өлім, адамның Жоғарғы Мәнге деген қатынасы туралы түсініктер беруге тырысады.

Осындай адамға деген діни көзқарастардың алуан түрлілігі оның өмір сүруінің өзінің көп қырлы екендігін көрсетеді. Христиан теологтары адам туралы өздерінің түсініктерін сипаттап беру үшін антикалық философияның ілімдеріне жүгінді. Бастапқыда діни ілімдердің шеңберінде, кейін дербес түрде, сонымен бірге олармен әрдайым өзара байланыста бола отырып, діни-философиялық антропология, адам туралы христиандық философия дами бастады [1; 41].

Христиандық антропология адамды Жаратушының өзіне тектес тудырған Құдайдың жаратқан санаға ие туындысы деп анықтайды. Православиелік антропология аполлогетика мен патристика, исихазм мен неополамизм сияқты діни ілімдерде көрініс табады. Нақ осында XIX–XX ғасырлардағы орыстың діни философиясының антропологиялық тұжырымдары қарастырылады, олар: соборшылдық философиясы, софиология, персонализм, гегельшілдік, рухани-академиялық философия. Бұл мәселеге назар аударған орыстың танымал философтары: Памфил Юркевич, Владимир Соловьев, Николай Бердяев, Семён Франк, Павел Флоренский және тағы басқалар.

Католиктік антропологияда неомизм, тейардизм, неоавгустинизм, экзистенциализм сияқты католик шіркеуінің философиясы мен діни ілімдегі негізгі бағыттар мен тенденциялар көрініс береді. Мұндағы танымал ойшылдар: Анри де Любак, Тейяр де Шарден, Ханс Урс фон Бальтазар, Карл Ранер, Анри Жильсон, Жак Маритен, Эммануэль Мунье, Габриэль Марсель, Поль Рикёр.

Протестантық антропологияда протестантизм өкілдері, либералды теология, диалектикалық теология, протестантық экзистенциализмдегі дінсіз христианшылдық, протестантық герменевтика көрініс береді. Мұнда Мартин Лютер, Жан Кальвин, Фридрих Шлейермахер, Паул Тиллих, Карл Барт, Рудольф Бультманн, Дитрих Бонхёффер, Ганс Георг Гадамер сияқты ойшылдардың антропологиялық ойлары қарастырылады.

Қазіргі заманда антропологиялық мәселелерге қатысты екі қарама-қарсы бағыт қалыптасты деп айтуға болады, олар, біріншіден: орта ғасырлық теоцентристік принциптің жаңа дәуірден бастап антропоцентристік принциппен алмауына және жан-жақты сипат алуына байланысты «Антропологиялық Ренессанс» кеңге қанат жая бастаған. Екіншіден, бұл позицияға қарама-қарсы көзқарастар пайда болған [1; 53].

Енді адам туралы түсініктерге назар аударатын болсақ. Мысалы, Ежелгі әлемде жекелеген адамның өзі зерттеудің дербес пәні болған жоқ. «Антропология» терминін ертедегі гректер қолданбаған. Христиандыққа дейін антикалық дәуір «тұлға» ұғымын білген жоқ. Адамның өз өзін тұтас бір тұлға ретінде қабылдау идеясын көтерген Тертуллиан болатын, ал тікелей бұл мәселені жеке өз алдына өңдеген Августин Аврелий болды. Христиандықта адам космологиялық сюжеттерден тәуелсіз өздігінен құндылыққа ие болды. Ақыл оймен жанданған, тәндік сезімнің субстанцияға ие қайталанбас жан ретіндегі адам туралы түсінік пайда болды. Христиандық адамды ғарыштық шексіздіктің билігінен құтқарды.

Ежелгі әлемнің Құдайы көбінесе адамды өзінің пайдасына жаратқандай, яғни мұнда адамды табыну мен құрбандықтар шалу үшін ажартқандай. Адамдар бұл дәуірде түкке тұрғысыз күйде. Адамнан гөрі табиғаттың сипаты таза, саналы, асқақ және Құдайға жақындау болды.

«Көне Өсиеттегі» мәтіндерге назар аударсақ, мұнда аспан шырақтары, жер мен өсімдіктер жансыз. Таң қаларлығы, адам мұнда құдайдың белгілі бір практикалық мақсаттары үшін құрал ретінде емес, құл да емес, мұнда ол Құдіреттің тудырған табиғатының бейнесі ретінде көрініс береді. Құдай өзінің ерекше туындысы ретіндегі адамға, оның рухани және физикалық күйіне қамқорлық танытады. «Жаңа Өсиеттегі» антропология православиелік діни ілімде, кейін католиктік мистика мен схоластикада, соңында протестантизмде дами түседі.

Бір уақытта діни антропологиямен қатар, адам туралы философиялық ілім де дами түседі, бұл ілім антикалық дәуірдегі Сократ пен Аристотельдің көзқарастарынан негіз алды.

Ренессанс пен Жаңа Дәуірдегі философияда жаңа өзгерістер дүниеге келді. Адам зерттеу пәні мен дербес «субъект» ретінде қоғам мен ойшылдардың назарын өзіне аударды. Жаңа философия адамның қадір қасиеті мен шексіз мүмкіндіктерін көре бастайды. Адамның ролі мен қабілетінің дәріптелгендігі соншалықты, адамда да тәңірге тән жаратушылық қабілеттер бар деген ойлар пайда болды. Адам өзінің ақылының күшіне, көркемдік талантына, саяси-реформаторлық мүмкіндіктеріне сенімді. Бірақ та уақыт өте келе жаңа антропологияның сырт жағы көріне бастайды. Жаңа дәуір болса адамның ақыл ойы мен адамның саналы және жеке адамгершілік құрылымына деген сенім білдіре бастайды.

XX ғасыр лаңкестік жағдайлары мен қан төгісті дүние жүзілік соғыстармен толыққан дәуірде адам мәселелі және құпия мәнге ие болды [2; 20].

Теологтардың антропологияға деген қызығушылықтары мен діни және философиялық антропологияның ара қатынасы туралы пікірталастар XX ғасырдың 20-жж. ұлғая бастады. Бұл қызығушылықты М.Шелердің, Г. Плеснердің еңбектерінен байқауға болады. Осы философиялық антропологияның негізін салушы М.Шелердің айтуынша, адам ғарышта негізгі орталықтағы позицияны иеленеді, өйткені мұнда адам санасыз, бірақ та алпауыт әлемнен жоғары тұрады. Адамзат ақылының күшіне енді күдіктер туа бастады, бірақ та адам баласы ғарыштан өзінің рухымен, өзінің бостандығымен, айқынсыздығымен асқақтап көтеріледі. Шелердің ойынша, рух өмірге қарама-қарсы тұрады және одан энергия алғанымен де одан жоғары тұрады. Яғни адам өзінің өміріне аскетикалық тұрғыдан қатынас жасайды. Жануарлар шынайы болмысқа әрқашан «иә» деп бас иеді, қорықса тіпті қашып кетеді, ал адам — бұл «жоқ» деп айта алады, қарсы келе алады. Мұндағы басты мәселе, Шелердің пайымдауынша, адамның мәнін ашу керек, адам дегеніміз — кім соған жауап беру керек. Дін де, философия да осы уақытқа дейін адамның кім екендігін анықтаудың орнына, оның қайдан пайда болғандығына назар аударумен келеді. Негізінен, адамды түсінуде нақтылы-ғылыми, философиялық және діни ұғынуларды шоғырландырушы роль атқарып, адамның біртұтас тұжырымдамасы жасалуы керек деді. Негізгі мақсат — тіл, ұят, намыс, құрал мен аспаптар, қарулар, мемлекет, басшылық, миф, дін, ғылым сияқты ерекше монополияланған адам болмысының негізгі құрылымынан туындайтын, барлық жасалынған және іс-әрекеттерді дәл көрсету керек.

Осы бағытты қолдаушылар адамды көп өлшемді және тұрақты түрде өзгерісте болатын жан иесі деп сипаттайды. Әрине, оның негізгі кейбір қасиеттері мың жылдар бойы өзгермегенімен де, адамның физикалық және рухани бастауларындағы жұмбақ түрде жасырылған барлық мәнін аша алмайды, тіпті осы бастамалардың табиғаттан жеке дара алып қарастырғанның өзінде айқын анықталғандығы есептеліне алмайды. Олар адамның өзі өз-өзіне ылғи да жаңа жұмбақтар беретін белсенді басталым ретінде көрінетін сыртқы әлемді ұғынуға тырысатын оны өзінің қалауымен өзгертетін микрокосмос екендігіне баса көңіл аударды [2; 33].

Басқаша айтқанда, ол жаратушы және сонымен қатар мәдениет арқылы жаратылушы, ал басқа жануарлардың әлемнен түбегейлі түрде айырмашылығы бар, адам — руханилықтың мұрагері. Адам

туралы тарихта әр түрлі концепциялар пайда болды, олардың барлығы, Макс Шелердің пікірінше, бес түрлі идеяға жинақталған, олар: адам туралы бірінші идея осы уақытқа дейін өзінің үстемдігін көрсетіп келген діни сенім.

Адам туралы екінші идея — гректердің ойлап тапқан ақыл-парасатты адамы, әсіресе Анаксагорда, Платонда, Аристотельде анық көрсетіледі. Адам ойлы ақылдың арасында мына мүмкіндіктерге ие болады. Біріншіден, барлық барды өзімен-өзі күйінде тани алады; екіншіден, әлемді тани алады; үшіншіден, Құдайды тани алады; төртіншіден, өзін-өзі тани алады.

Үшінші идея — шебер адам, адамның ақыл-ойы — ақылға деген ерекше қабілеттілігін жалпы теріске шығарады. Адамды еңбек құралдарын пайдаланатын мақұлық ретінде қарастырады. Сөз, ұғымдар психикалық нәзік құралдар ғана.

Төртінші идея — адамның мыңдаған жылдық тарихындағы құлдырауы туралы. Оның себебі — адамның шығу тегі мен мәнінде. «Адам дегеніміз не деген?» қарапайым сұраққа ол бос суррогаттарды (тіл, құрал саймандар) дамыта алатындығымен жауап береді. Өзінің биологиялық әлсіздігінен және күшінің жоқтығынан адам өркениеттілікті, мемлекетті, құқықты және өндірісті жасады.

Бесінші идея — Ф.Ницше, Н.Гартманнның және басқа да ойшылдардың атеистік антропологиясы. Оның ең басты мәні мыналардан тұрады: адам болмысының мәні, неге жаратылғандығы, жауапкершілігі, еркіндігі үшін Құдай бар болмауға тиісті. Тек қана азат өнегелі мәндегі жан иесі, механикалық әлемде немесе басқа бір әлемде өмір сүруі мүмкін, бірақ та әйтеуір адам технологиялық әлемде емес. Өзінің жоспарына сәйкес құдай жасаған әлемде жеке тұлғалы адам өледі.

Қоғамдағы өзгерістердің шешуші факторы — адам. Біз өмір сүріп отырған қоғамның дамуына жаңа концепциясының жүзеге асуын қамтамасыз ететін де адамдардың нақты қызметі. Қазіргі қоғамның даму саясатының жетістіктері де, қиындықтары да, сәтсіздіктері де жеке адамның бойынан көрініс табады. Сондықтан да адам мәселесін, жалпы адам мен қоғам жүйесіндегі адамды маңыздылығы жағынан екінші орынға ығыстыра беретін көзқарастан арылып, оның болмысының рухани адамгершілік негіздерін зерттеу аса маңызды және өзекті.

Осы адам мәселесінің бір қыры — адам өмірінің мәні. Өмірдің мәні мәселесін ұғыну арқылы адам өзінің бүкіл тағдырын айқындай алады. Сократтың «Өзіңді өзің таны» деген қағидасын басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі дүниесін тереңдеп тексеруге ұмтылған адам өзі ойламаған қиындықтарға тап болуы мүмкін. Өмірлік мәнділік мәселе адамның ақырғы шешімі жоқ өмірлік мәселе. Адам өмірінің мәнділігі мәселесі ежелден қалыптасқан философиялық категориялардың қатарына жатады. Өмірдің мәні категориясын талдауды ең әуелі өмірдің өзінің адам үшін маңыздылығын ұғынудан бастау керек. Адам өмір кешіп жатқан дүние ол құндылықтар дүниесі. Осы тұрғыдан талдасақ, адам үшін ең басты құндылық пен ең бағалы нәрсе ол өмір. Өмір — адам тіршілігінің негізі, оның сан алуан қажеттіліктері мен талап-тілектерін, мақсаттары мен жоспарларын жүзеге асыруының жалғыз және абсолютті мүмкіндігі болып табылады. Өмір болмаса, адамның өзі де, өмірдің мәні туралы ойлары да, іс-әрекеттері де, қуаныштары мен қайғысы да болмайды. Өмір адамға берілген болмыс, оның мәні адамның осы болмыстың барлық көріністерінен мән іздей отырып, өмір сүруінде. Өмірлік мәнділік туралы толғану адамның тұлғалық сипатын білдіреді.

Отандық философияда жан-жақты жетілген адам ілімін неғұрлым толық және жоғары дәрежеде дамытқан ойшыл Абай жеке адамның қалыптасуында әдептілік пен адамгершілік, сыпайылық пен әсемдік принциптерінің өте үлкен роль атқаратындығын ерекше атап көрсетті. Сонымен қатар ол білім мен білімділіктің маңыздылығын терең түсіне білді, қазақтың жастарын әдептілік пен адамгершілікті, білім мен ақыл ойды, ізгілік пен шындықты өмірлерінің негізгі принциптері деп қарауға шақырды. Абай қазақ халқына әр уақытта «Адам бол», өміріңнің аяғына дейін адамдық қасиетіңді жоғалтпа деп үйретті.

Ал енді Абайдың көзқарасына келсек, ұлы ойшыл, адам бойындағы ұят пен иман мәселесін қозғайды. Бұл екі ұғым адам мен хайуанның ара жігін ажыратады. Адам хайуаннан, ақ жүректігімен адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленеді. Ұяты бар адам — иманды. Ойшыл Абай адамдық танымдағы ұяттың басымдығын сөз етіп тұр. Жиырма бесінші қара сөзінде: «Қарыны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішуге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уа әр түрлі бәлеге ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатын нәрсе», — деп ой түйіндейді. Жан адам өмірін басқарушы, қуат көзі, мәңгілік болмысы болып табылады.

Тән мен материалдық болмыс оның уақытша киген киімі тәрізді. Олар ауысып отырады. Жан білімге және рухани ләззатқа құштар болғандықтан, ол бұл қасиеттердің қайнар көзін қоршаған ортаның материалдық болмысынан іздейді. Материалдық болмыс болса, әрқашан ақиқатты көмескілеп, бұрмалап көрсетеді және мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, ол жанды толық қанағаттандыра алмайды. Бұл жан мен тән арасындағы қайшылықты және олардың өзіндік сипаттағы үздіксіз күресін туғызады.

Шығыс философиясы бойынша, адамның жетілуі дегеніміз — жанның материалдық құрсаудан босану барысы. Материалдық құрсаудан неғұрлым азат болса, жан соғұрлым жетілген болып есептеледі. Адамның басқа тіршілік иелерінен айырмашылығы да осында. Адам материалдық болмысқа хайуанат дүниесіне қарағанда әлдеқайда тәуелсіз. Сондықтан оның өмірлік мақсаттарға жету мүмкіндігі мол. Жанның толығы тек рухани жолмен ғана іске асады. Оның қасиеттері жетілу барысында білінеді. Рухани жетілген адамның бүкіл болмысы кемелді келеді. Абай тәнді жан билеу керек екенін айтады. Жан тәнді нәзік болмыс арқылы билейді. Сондықтан жан неғұрлым таза болса, адамның іс-әрекеті де соғұрлым кемел. Бұл адам өмірін мазмұнды етіп, бақыт сезіміне бөлейді. Адам «микрокосм» болғандықтан, оның өмірі «макрокосм» болып табылатын бүкіл әлем өмірімен тығыз байланыста. Сондықтан әркімнің өмірі бүкіл әлем заңдылықтарымен толық үйлесімді болғаны абзал. Абай өзін тәнмен балап, табиғи сезімдерінің ықпалында жүргенді «пенде» деп, нәзік болмысын жетілдірген интеллектуалдарды «адам» деп, ал жан тазалығы үшін рухани жолға түскендерді «толық адам» деп атайды. Қоғам көре алмаушылық, зұлымдық, қулық, сұмдықтан толық тазарғанда ғана бұл жаман қасиеттер, басқа да дөрекі мінез-құлықтар, тіпті адамға көрсетілетін зорлық-зомбылықта жоғалады деп сенеді.

Абайдың мына бір даналығына тоқталайықшы: «Адам баласын замана өсіреді, кімде кім жаман болса, замандасының бәрі жазықты». Әр қара сөздерінің ой толғауларын қарасақ, адам өзіне тән құндылықтарды қоғамда өмір сүру барысында жинақтайды екен. Уақыт, дәуір, қоғамдық орта адамды қалыптастыратын маңызды факторлар екенін Абайдың философиялық көзқарастарынан толық аңғарамыз. «Тәрбие тал бесіктен басталады» демей ме дана халқымыз. Әрқашан да білім мен тәрбие ажырамас бірге жүретін үрдіс. Абай адамды қалыптастыратын тәрбие деп бағалап, оған үлкен мән берген. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы жаманды танидыдағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», — дейді [3; 77].

Абайдың ойынша, адамның ақылдылығы, тәрбиелігі, саналығы дүниені зерттеумен, оның ішкі сырын білумен тығыз байланысты. Қоршаған ортаны тану, ақиқатты білу, ғылымды меңгеру, оның пікірінше, адамға тән қасиет. Ұлы заңғар жазушы М.О.Әуезов былай дейді: «Абайға келгенде ...адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына тікелей қатысы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы, терең ойлы пікірлері бар екені даусыз. Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көзі адамгершілік мәселесіне тіреледі» [3; 99].

Абайдың да дүниетанымындағы негізгі тұжырым, басты құндылық — адам болмысы. Абайдың қара сөздерінен, таусылмас рухани қазынасынан, оның адамның өмір сүру философиясын бес бағытта қарастыранын аңғаратынымыз:

- біріншісі, жеке адамдардың тұрмыс-тіршілігі;
- екіншісі, әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орны, мінез-құлқы, менталитеті, психологиясы;
- үшіншісі, ұлттың ата-бабалардан мұраланған өзіндік өмір салтын, дәстүрлі мәдениетіне бейімделген мұрат-мақсаттарын болмыстың жаңа сұраныстарына байланысты жаңартып, жаңғырту жолдары;
- төртіншісі, адамзат тарихында қалыптасқан моральдік құндылыққа сай келетін үрдістердің өркениетпен сабақтасу жолдары;
- бесіншісі, имандылық жолымен Алла болмысын тану.

Адамның өз іс-әрекетін, сөзін пайғамбар хадистеріне, өнегелеріне сай келтіруге ұмтылу. Жаратушы махаббатына сүйіспеншілікпен жауап қайтару жолы. Бұл бес тармақты бағыт, адамның жаны мен тәнінің дамуы мен өркендеуі, өсу негізінде қалыптасатын, бүгінгі өмірде маңызды орын алатын талпыныстар. Абайдың ойлау жүйесі, адам өмір сүруінің философиясы мен табиғатына, адамзат болашағына зор сенім негізінде қалыптасқан. Адам үшін дүниеде тек тірі организм болып тіршілік ету, организмдік мұқтаждықтардың шеңберімен шектелу жеткіліксіз [3; 77].

Оның дүниеде болуын ақтай алатын нәрсе — мәнділік. Яғни адамдықтың мәні. Бірақ кейбіреулер осы тірлікті ғана қамтамасыз етуді, соның мұқтаждықтарына ғана қызмет етуді өз өмірінің бірден-бір мәні немесе мағынасы деп білуі де мүмкін. Осылай ойлайтын адамдар аз да емес. Өмір сүрудің қиындығы көбінесе осылай ойлауға негіз де береді. Әйтседе, егер адамдардың барлық әрекеттері мен қылықтарын олардың организмдік, тек тәндік мұқтаждықтары ақтай алатын болса, онда адамға ғана тән көп нәрселер болмас еді. Адамгершілікті, ізгілікті, әділеттілікті мойындаудан басқа шексіз байлыққа, билікке, үстемдік пен озбырлыққа ұмтылушылық та көп адамдардың көкейтесті пиғылдарына айналатындығы тарихтан белгілі. Жеке адамдар өмірінің мәні болған тағы да осындай нәрселерді айтуға болады. Сол сияқты тарихи кезеңдер бір халықтың, таптың тағы да сол сияқтылардың екіншілеріне үстемдік етуге ұмтылуы, тіпті оларды жойып жіберуді көздеуі осындай мәннің орнын басады. Мәнділіктің адамдарды басқа барлық жәндіктерден бөлететін тұратыны — оның адамдарға табиғаттан берілген тума қасиет еместігінде.

Адам туғанда мәнімен бірге тумайды. Ол кейінгі қалыптасуында ғана мәнділікке ие болуы мүмкін. Және ол да тек мүмкін нәрсе. Онда бұлтартпайтын қажеттілік, заң жоқ. Себебі дүниеге келген нәрестенің адам болуының өзі де мүмкіншілік қана, ол болмай қалмайтын тағдыр емес. Сондықтан да адамдардың әрқайсысы белгілі бір мәнділікті өзі жасайды, яғни оның таңдайтыны өзінің биологиялық қасиетінен басқа да болуы және сол өзінің биологиялық болмысы да болуы мүмкін. Белгілі бір тарихи дәуірге немесе ортаға тән мәнділік сол дәуірдегі я ортадағы адамдардың жалпы рухани кескінін құрайтын нәрсе. Байырғы қауым адамдарының мәдениетіне, ойлауына, табиғатқа, болмысқа осы тұрғыдан қарау жат нәрсе. Осы қатесін Л.Леви-Брюль кейін өзі де мойындаған.

Адамның дүниеге қатынасы, оның негізгі сипаты мен табиғаты осы мәнмен анықталады. Сыртқы табиғатты өзгерту қызметінің өзі негізгі екі түрлі мәнді іске асыру үшін болуы мүмкін: біріншіден, табиғат пен адамның бірін-бірі толықтыратын, жаңғыртатын үйлесімді байланысы және екіншіден, табиғатты тек пайдалануға ұмтылу. Табиғатқа тек қана пайдагершіліктің көзімен қарап, тек өзінің бір мұқтаждығының тұрғысынан қатынас жасау антикалық дәуірден бастап Еуропада кең өріс алды. Онда табиғатты тек Адамның бір кәдесіне жарайтын немесе жарамайтын заттар мен құбылыстардың арсеналы, табиғи қоймасы ретінде ғана қарап іс-әрекет жасау басым болды. Осы пайдагерлік қатынас үстем болған, тіпті баз біреулердің жан дүниесінде жалғыз ғана құмарлыққа ие болған жерде табиғаттың, басқа адамдардың, жалпы өзінен тыс құбылыстардың қайсысы болса да өзіндік дербес мағынасынан айрылады, ондай жандар үшін табиғаттың кез келген заты я пайдалы, я пайдасыз, олардың өзіндік құндылығы ол үшін жоқпен тең.

Сондықтан ондай адам, ондай қоғам табиғатты тәуелсіз мағынасы үшін қастерлемейді, мәпелемейді, тіпті сақтауға да ұмтылмайды, одан тек керегін алып, жоя беруге даяр. Бұл белгілі бір мәнділіктің ешбір қоспасыз «таза» анықтамасы [4; 50]. Бірақ өмірде ол қатынас «кіршіксіз» күйінде кездесе бермейді. Өкінішке орай, өзіміз өмір сүріп отырған дүниемізде осы қатынас басым. Соның арқасында өзімізді қоршап отырған табиғат орасан зор зардап шегуде. Бұл қатынас түбірінен өзгермесе (бүкіл әлемдік шеңберде) адамзат қазіргісінен де зор апаттарға ұшырауы сөзсіз. Бұл тарихтағы жалған мәнділіктің бір көрінісі. Қоғамдық қарым-қатынастар бір кезде қалай ұйымдастырылса, әсіресе не үшін ұйымдастырылса, сол айнымай сақталып, үнемі қайталанып отыруы тиіс. Оның принципі — жеке адамды қоғамдық бүтіндікке толық мойынсұндыру деуге болады. Осы кезеңде және антика мен орта ғасырларда сақталған түсініктер бойынша адамдар іс-әрекеттерінде әр нәрсенің өзінің белгілі бір шамасының бар екенін, сол шамадан асып кетсе жаманшылыққа соқтыратынын ұмытпауы керек.

Ол шаманы әр түрлі діни-философиялық және күнделікті ойлаудың түсініктері бойынша құдайлар, табиғат, не космос, мемлекет, не қоғам орнатқан. Сонымен қатар ондай өлшемдер өмірде бар, берік орныққан ғана тәртіптер емес, олар адамдардың ұдайы ұмтылатын, көздейтін, аңсайтын немесе міндетті нәрселер және соған сәйкес олар ақиқаттың, тамашалықтың, әсемдіктің, игіліктіліктің үлгісі. Қазақ халқының ұғымында адамның мінез-құлқындағы астамшылық — осындай өлшемдерден асып кету, өлшемдерден аттау. Адамның кісі (субъект) ретінде даму деңгейі қашанда әр түрлі. Жеке адамдар, кейбір тұлғалар осындай даму жағынан көпшіліктен ілгерілеп кетіп жатады. Олар адамдық, тұлғалық дамудың жаңа өрістерін, соны жолдарын айқындап, өздері сол жаңа болмыстарында өмір кешетіні болады. Олар басқа адамдармен осы өздері ашқан және өздеріне тән еткен өлшеммен қарым-қатынас жасайтыны түсінікті. Ал бұл жаңа өлшем, адамдықты басқаша

өлшеу, оны басқа қасиеттерден көру, әрине, көпшілікке түсініксіз. Замандастарының көпшілігі оны өздеріне жат, тіпті қауіпті нәрседей қабылдауы хақ.

Сонымен бірге адамдыққа жат мүдделердің үстемдік құрған кездерінде адамдардың көпшілігінің көңіл-күйінде жеке тұлғаның, әсіресе рухани жасампаздық жағынан алғандағы тұлғаның үздіктігіне деген жауығу пайда болатыны да бар. Бұл қатардағы адамның әрқайсысының өзін субъект емес, объект деп сезінуінің көрінісі. Ал объектілер, яғни тек сыртқы бір ықпалдың күшімен ғана қозғалысқа келетін нәрселер, жалпы алғанда бірдей болуға тиіс. Олардың біреуін барлық уақытта екіншісімен ауыстыра салуға болады. Ал үздік тұлғаны басқа ешнәрсемен ауыстыра алмайсың. Оның өлшемі біреу-ақ [4; 66]. Жеке адамға көпшіліктің ұстанған нормаларын күшпен таңу әділетсіздік. Өйткені кейбір жағдайларда жеке тұлғаның өлшемі мазмұны жағынан көпшіліктің нормасына карағанда шексіздік болып тұрады, яғни бүкіл адамзаттың дамуының үлгісі бола алады. Тарихта ол жөнінде мысалдар жеткілікті.

Мен данамын деп жүргендердің бәрін де әшкерелеп, дана емес екендігін көрсетіп жүрген Сократ Афинадағы көп адамдарға ұнамай, ақыр соңында, оны соттап, у ішуге ұйғарғаны белгілі. Өз ортасында кезінде ең озық ойшылдардың бірі болған Абайдың да замандастарының көпшілігінен түсіністік таба алмағаны мәлім. Тіпті өзіне ең жақын, оны бағалай білді дейтін кісілердің өздері де оның ойының көп жақтарына өресі жете алған жоқ. Өзін қолдайтын адамдардың ортасында жүрген күннің өзінде де ондай ойшылдардың жалғыздықты сезінетіні сондықтан.

Бұлардан шығатын қорытынды: өзіңе бөтен, өзгеше, жат көрінетін көзқарастарға, өлшемдерге төзімділік қажет. Кез-келген адамның сан алуан өлшемдермен тіршілік етуіне құқықтары бар, тек олар өз өлшемдерін бір-біріне күштеп қабылдатудан бас тартуы керек. Онсыз адамдар арасында толастамайтын мәңгілік соғыс бола береді. Адамзаттың бүкіл өткен тарихы осылай болып келді және солай болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әлеуметтік философия: Хрестоматия. — Алматы: Ақыл кітабы, 1997. — 95 б.
- 2 Кириллов В.И. Основные проблемы философии. — М.: Наука, 2005. — 140 с.
- 3 Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. — Алматы: Жазушы, 1976. — 147 б.
- 4 Нысанбаев А. Қазақша философия тарихы. — Алматы: Өнер, 2009. — 180 б.

Ж.У.Дагарова

Проблема сущности человека в религиозной антропологии

Автор статьи обращает внимание на особенности религиозной антропологии в познании человека и сравнивает религиозную антропологию с другими учениями, показывает многообразие, многогранность религиозных мировоззрений в изучении проблем человека. В статье показана заинтересованность теологов в вопросах антропологии и рассмотрены спорные вопросы о соотношении религиозной и философской антропологии. Автор соглашается с мнением мыслителей о том, что человек не рождается со смыслом, он может обрести смысл в процессе формирования. Автор в статье знакомит с высказываниями мудрого Абая о человеке, для которого жить в этом мире как живой организм, ограничиваясь только потребностями организма, недостаточно.

Zh.U.Dagarova

The problem of the essence of man in religious anthropology

The author of the article pays attention to feature of religious anthropology in cognition of man and compares religious anthropology to other manoeuvres. An author shows a variety, many-sided nature of religious world views in the study of problems of man. In the article the personal interest of theologues is shown in the questions of anthropology and the vexed questions are considered about correlation religious and philosophical anthropologies. An author consents with opinion thinkers that a man does not give birth with sense, he can find sense in the process of forming. An author in the article acquaints with expressions of wise Abai about a man for that to live in this world as largeas life organism, limited to only the necessities of organism, not enough.

References

- 1 *Social Philosophy: Reader*, Almaty: Kniga mudrosti, 1997, 95 p.
- 2 Kirillov V.I. *The main problems of philosophy*, Moscow: Nauka, 2005, 140 p.
- 3 Kunanbaev A. *Collection stihov*, Almaty: Zhazushy, 1976, 147 p.
- 4 Nysanbaev A. *History of Philosophy*, Almaty: Oner, 2009, 180 p.

ӘОЖ 1: 821 (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Хакім Абайдың «Қара сөздер» атты керемет философиялық мұрасы Туғанына 170 жыл толуына орай

Мақалада оқырман қауым көптеген афоризмдер кездестіретін ұлы Абайдың философиялық-сындарлы және моральдік тұрғыдағы «Қара сөздеріне» басты көңіл аударылған. Бұл данышпан және ұғымды афоризм сөздердің қазақ әдебиетіне көптен бері енгені көрсетілген. Ойшыл ғалымның философиялық-моральдік, қоғамдық-публицистикалық және әжуа-сатиралық сөздерін оның «Қара сөздеріне» жатқызуға болатын жанрды ойлап табу қиын екендігі айтылған. Оқырман қауымның көзқарасын алдын ала біле отырып, олардың күнделікті қолданатын тілімен оларға түсінікті етіп, өзінің көптеген өткір және терең ойларын проза түрінде жеткізе білгендігі туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: «Қара сөздер», ғұлама, мақал-мәтелдер, оқу-білім, қоғам, иман, қайрат, ақыл, жүрек, қуаныш, дүниеге көзқарас, дін, өмір, еріншектік, зұлымдық, пендешілік, нақыл.

Абайдың «Қара сөздері» — оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына

XIX ғасыр ойшылдары мен зиялыларының, суреткерлерінің елдік, ұлттық қасиетті қастерлеген, қайтсек те ұлт боламыз, мемлекеттілікті нығайтамыз дескен еңбектері нақ осы кезде жазылып, кейін елтанудың құбылысты мұраларына айналды. Макс Вебердің, Михаил Бакуниннің, Карл Каутскийдің, Сунь Ятсеннің, Махатма Гандидің, Н. Карамзиннің, А. Радищевтің әйгілі саяси-әлеуметтік көзқарастары жарыққа шықты. Н. Алексеевтің «Мемлекеттілік теориясы», Н. Бердяевтің қоғамдық, діни психология, интеллигенцияның рухани күйзелісі жайлы толғамдары жазылды. Наполеон түзетулер қосқан Француздың азаматтық кодексі, Америка Құрама Штаттарының, Ресей патшалығының мемлекеттік хақындағы тарихи құжаттары қабылданды. Сол елдердегі ойшылдардың ел мен ұлт тағдырын талдаған, болашағын болжаған шығармалары жария болды. Түрлі саяси-танымдық ағымдағы алуан көзқарастардың, толғамдардың соншалық қайшылықты ағыстар тудыруы, бір ғана Еуразия кеңістігінің өзіндегі түрлі саяси-әлеуметтік иірімдер сол уақыттың өзгеше сипатын білдірсе керек. Дәл осы кезде Абай қаламынан даналық «Қара сөздері» түзілді. Хандық мемлекеттік жүйесі үзілген, елдік санасы сарсаңға түскен қазақ қауымының дәл осы кезінің ахуалы «Қара сөздердің» тууының басты алғышарты еді [1].

Абайдың толық жинағында 1890 мен 1898 жж. арасында жазылған бір алуан шығармалары — «Қара сөз» деп аталады. Бұл ақынның философиялық еңбегі. Барлығы 45 сөз және бұған «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласы да [2; 226–234] қосылады.

Абайдың «Қара сөздерінің» соңғы нұсқасы Мүрсейіттің 1905, 1907 және 1910 жж. қолжазбалары бойынша жарияланып келген. Ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қара сөздердің» бұрын кеткен текстегі кемшіліктері түзетіліп, түпнұсқамен дәлдігі мүмкіндігінше қалпына келтірілген.

«Қара сөздер» деген атау өлең сөзден бөлек дүниелер мағынасын білдіреді. Өлең өнерін қазақ «Қара сөз» демейді. «Қара сөз» проза деген мағынада айтылған. Әдетте, адам ауызекі тілде өлеңді емес «Қара сөзді» қолданады.